307 ХФТ

Жүз жиырмасыншы тарау — Исаға опасыздық жасалды

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «**Исаға опасыздық жасалды**» деген тақырыпты қарастырамыз.

Біз Исаның айқыштағы өлімінің алдындағы соңғы күнгі оқиғаларға келіп жеттік. Оның өлетін уақыты жақындаған сайын оқиғалар бірінен соң бірі шапшаң өрбіді. Қазір Оның жанында он бір шәкірті ғана бар. Ал он екіншісі қайда? Ол Исаны тұтқындайтын жасақшыларды ертіп келуге кеткен еді. Ол арсыз келісімге барып, Иемізді отыз күміс теңгеге сатып жіберді. Сол келісімнен кейін-ақ Исаны олардың қолына ұстап берудің қолайлы сәтін іздей бастады.

Ал Иеміз алда басынан не өтетінін біліп, соған дайындалу үшін аса қымбат сәттерін мінажатпен өткізді. Ол Гетсимани бағында жан азабын тартып, Әкесіне жалбарынды. Оған опасыздық жасалған жер де Өзі мінажат еткен орыннан алыс емес еді. Осы жайтқа тереңірек ой жүгірткеніңізді қалаймын. Бұл қайғылы оқиға Матай жазған Ізгі хабардың 26-тарауының 47–56-аяттарында баяндалған:

Иса әлі де осыны айтып жатқанда, он екі елшінің біреуі — Яһуда семсер мен сойыл ұстанған үлкен бір топ адамды сол жерге ертіп келді. Бұларды елдің басты діни қызметкерлері және рубасылары жіберген еді. Исаға опасыздық жасаушы Яһуда белгі беру туралы: «Кімнің бетінен сүйсем, Ол — Соның Өзі. Сол Адамды тұтқынға алыңдар!» — деген болатын. Яһуда дереу Исаның қасына барып:

— Ұстаз, амансыз ба! — деп, Оның бетінен сүйді. Иса оған:

— Достым, сен не үшін келдің? — деді. Сонда жасақшылар жақындап келді де, Исаға тап беріп, Оны ұстай алды.

Кенеттен Исаның қасындағыларының біреуі семсерін суырып алып, бас діни қызметкердің малайына қарай сілтеп қалып, оның бір құлағын шауып түсірді. Ал Иса оған: «Семсеріңді қынабына сал! — деп бұйырды. — Семсеріне сенген семсерден өлер. Мен қазір Әкемнен сұрасам, Ол Маған дереу он екі әскери бөлімнен астам періштелерін жібереді! Әлде солай болмайды деп ойлайсың

ба? Бірақ олай істесем, Киелі жазбалардағы осы оқиғалар болуға тиіс деп алдын ала айтылғандар қалай жүзеге асар еді?!»

Сол сәтте Иса келген үлкен топқа қарап: «Мені тұтқындауға, қарақшыға қарсы аттанғандай, семсер мен сойыл алып шыққандарыңыз қалай? Күн сайын ғибадатханада тағылым беріп отырғанымда Мені ұстаған жоқсыздар. Бірақ осылардың бәрі Пайғамбарлар жазбаларында алдын ала айтылғандардың жүзеге асуы үшін болды», — деді.

Сонда шәкірттерінің бәрі Оны тастап, қаша жөнелді.

Енді осы опасыздық оқиғасына назар аударып, оған қатысқан бірнеше адамның іс-әрекетіне тоқталайық.

ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАҒАН ЯһУДА

Бұл оқиғада қаскүнемнің атқарған рөлі үлкен болды. Қаскүнем — жүрегінде арам пиғыл ұялап, ар-ұятының үнін елемейтін, мақсатына жету үшін ештеңеден тайынбайтын адам. Осы оқиғадағы сондай адам — Яһуда. Киелі Жазбада оның аты аталып қана қоймай, он екі елшінің бірі болғаны да айтылады. Ол Исаға жақын жүрген адамдардың қатарында еді. Бірақ енді қолдарына семсер мен сойыл ұстаған қалың топты ертіп келді. Олардың мақсаты — Исаны тұтқындау. Ал жол бастап келген — Яһуда. Ол жасақшылармен алдын ала белгі туралы келісіп алған еді: кімнің бетінен сүйсе, сол адамды тұтқындаулары керек болатын. Неткен ауыр опасыздық! Жақындық пен құрметтің белгісі болуға тиіс сүйіс осылайша ұстап берудің белгісіне айналды.

Яһуда Исаның қасына келіп, Оны «Ұстаз» деп амандасты да, бетінен сүйді. Сөйтіп, ойындағысын жүзеге асырды. Яһуданың бұл әрекеті опасыздықтың ең сорақы көрінісі еді. Исаға жақын жүрген адам енді Оның жауларының жағына шықты. Бірге жүрген Ұстазын солардың қолына ұстап берді. Ол шынымен де сатқындық жасады.

ЖАРАҚАТ АЛҒАН ҚЫЗМЕТШІ

Осы оқиғада екінші кезекте көрінетін адам — бас діни қызметкердің қызметшісі. Исаға жақын тұрған шәкірттердің бірі Оны қорғауға ұмтылып, семсерін суырып алды да, сол қызметшіге қарай сілтеп, бір құлағын шауып түсірді. Осылайша қызметші жарақат алды. Сол кеште Петір Иемізден танғанша, Онымен бірге өлуге дайын екенін айтқан еді. Басқа Ізгі хабарда семсерін суырған адамның Петір болғаны көрсетіледі. Ол өз Иесі үшін шайқасуға дайын болды. Семсерін ала ұмтылғанына қарағанда, қызметшіні

өлтірмек болғандай көрінеді. Алайда соққысы оның құлағына тиді. Сонда Иса Петірге семсерін қынабына салуды бұйырып, семсеріне сенген адамның семсерден өлетінін айтты. Ал Лұқа жазған Ізгі хабарда Исаның қызметшінің құлағына қолын тигізіп, оны сауықтырғаны баяндалады. Петір жарақаттаған адамға Иса шипа берді. Осы аласапыран сәтте қызметші зардап шекті. Яһуда опасыздық жасады, ал бас діни қызметкердің қызметшісі қақтығыстың ортасында қалып, жараланды.

ӨЗ ЕРКІМЕН БЕРІЛГЕН ИСА

Ал осы оқиғаның басты тұлғасы — Өз еркімен тұтқындалуға келіскен Иса. Ол Петірге Әкесінен сұраса, Өзінің жәрдеміне он екі әскери бөлімнен астам періште жіберілетінін айтты. Сол замандағы бір ірі әскери бөлімді алты мың сарбаз деп есептесек, он екі бөлім жетпіс екі мың болады. Демек, Иса Әкесінен сұрағанда, Оған жетпіс екі мыңнан да көп періште көмекке келе алар еді. Исаны ұстауға келген топ мұндай ұлы күшке қарсы тұра алмас еді. Ендеше, Иса неге осы көмекті сұрамады?

Ол мұның себебін Өзі түсіндірді: егер солай істесе, Киелі Жазбаларда алдын ала айтылғандар қалай орындалмақ? Иса Құдайдың жоспарын жүзеге асыруға Өз еркімен келісті. Осыдан сәл бұрын ғана бақта жан азабын тартып мінажат еткенде де, Ол Әкесінің еркін орындауды қалады. Өзінің алдында қандай міндет тұрғанын анық білді.

Содан кейін Иса Өзін тұтқындауға келгендерге тіл қатты. Олардың қарақшыға қарсы аттанғандай, семсер мен сойыл алып келгенін айтты. Өзі күн сайын ғибадатханада тағылым беріп отырғанда, олар Оны ұстамаған еді. Неліктен олар Исаны сол кезде тұтқындамады? Бұл оқиғалардың бәрінде Киелі Жазбада пайғамбарлар арқылы алдын ала айтылғандар жүзеге асып жатты. Иеміз Өзінің не істеуге тиіс екенін және қандай жолдан өтуі керектігін білді.

Ол осы жолдың соңына дейін Өз еркімен барды. Өзін тұтқындауға келгендердің қолына берді. Оның құтылып кетуге күші жететін еді. Әкесінен сан мыңдаған періштені көмекке жіберуін сұрай алатын еді. Бірақ Ол сол мүмкіндікті пайдаланбады. Әкесінің еркіне мойынсұнып, азап жолын қабылдады. Сондықтан мынаны анық түсінейік: Иса біздің Құтқарушымыз болуға Өз еркімен келісті. Біздің күнәларымыз кешірілуі үшін қажет құрбандықты Ол саналы түрде қабылдады.

Қымбатты досым, осы шындықты жүрегіңізбен ұққаныңызды қалаймын. Исаны бұл жолға ешкім күштеп көндірген жоқ. Ол Әкесінің еркін қабылдап, қандай құн төлеуге тура келсе де, оны орындауға дайын болды. Құтылып

кетуге мүмкіндігі бола тұра, Ол сіз бен біз үшін айқышқа апаратын жолға түсті. Ендеше, біз де Оған шын ықыласымызбен еріп, рухани өлімге бет алған дүниеге құтқарылу туралы ізгі хабарды жеткізейік. Ардақты тыңдарман, бүгінгі оқиға бізді Иеміздің сүйіспеншілігін бағалап, Оған адалдықпен жауап беруге шақырады. Сенімімізсөзімізден ғана емес, күнделікті таңдауымыз бен ісімізден де көрінсін. Қиын сәтте асығыс әрекетке бармай, Оның сөзіне құлақ асып, еркіне мойынсұнайық. Біз үшін Өз өмірін қиған Исаға ризашылықпен еріп, айналамыздағы адамдарға Оның мейірімі мен құтқаруы туралы айтып жүрейік.